



Әулиеатаның көкпарын әлем біледі

Елбасы «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласының «Атқа міну мәдениеті» бөлімінде: «Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы Даладан тарағаны тарихтан белгілі. Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жабандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынаған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды. Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар, атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «мәдени қодының» айрықша элементі. Автокөлік қозғалтқыштарының қуаты әлі күнге дейін аттың күшімен өлшенеді. Бұл дәстүр – жер жүзінде салт аттылар үстемдік құрған үлгі дәуірге деген құрметтің белгісі», – деп атап өткен еді.

Есет ДОСАЛЫ

Елбасы айтып өткендей, жылқының алғаш қолға үйретілуі казак даласында, еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген болса, ол барша казак үшін қандай мақтаныш десеңізші! Солай екенінің дәлелін еліміздің әр ауылынан көруге болады. Қазастың әр ауылында атқа мінп шашпаса көңілі көншімейтін, көкпардың кикүен естімесе тұра алмайтын, тұлпарды жүгенсіз тізгілдеп, жылқының жалына түшейтін батыр жігіттер аз емес. Соңар бағыт-бағдар беретін әр ауылда жан дүниесі жылкымен бірге жаратылған, атбегі, казакы ел ағалары болады. Сол азаматтар ауылдың сөні, жас ұрпақты ата-мү мұнаденіетіне үйретудің мәні деп айтар едім. Ойткені олардың атқарып жатқан жұмысы ұшан-теңіз.

Жылқымен жаны бірге жаралған, казакы болмысты ауына ерекше сінірген кісінің бірі – Жамбыл бойына, Айша бибі ауылының тұрғыны болған, танымал атбегі, көкпаршы, марқұм Сияқұл Сейітов (суретте) болатын. Жас күнінде өзі де көкпар тартқан Сияқұл ақсақал жайлы қызық хикаялар елі шінде өте көп. Бірде көршілес қырғыз аумалдарының жігіттерінен көкпарды жұлып алып, Айша бибіге қарай тіке тартты. Жолда темір жол бар. Содан Секең астындағы тұлпарын ойлы жерден орғытып, қыры жерден қарғытып келе жатып, темір жолдан да секіріп өтіп кетсе керек. Кейін ауылына келіп, көкпарды көршісінің үйіне тастап, атынан түсіп жатса, тұлпарының сауырынан қан тамып тұрғанын байқапты. «Ойпырмай, бұл қайдан тамған қан?» – деп таңданады көкпаршы. Сөйтсе, әлгінде темір жолдан өткенде пойыз келіп қалған да, адамнан есті жануар арғы бетке қарғып үлгерген. Сонда пойыздың бір темірі жануардың артық санын жырып, құйрығын жұлып өксеткен екен. Қаны қызып келе жатқан Сияқұл көкпаршы оны байқамапты да.

Енді бірде екі ауданның арасында қырғын көкпар болып жатады. Ол кезде Сияқұл егде тартып, көкпар тартуды доғарған. Бірақ, жақсы аттарды баптаудың шебері. Көкпардан еш қалмайды, көкпарға деген қызығушылығы айрықша зор. Содан Жамбыл және Байзақ аудандары жігіттерінің арасында қызу көкпар жүріп жатқанда Сияқұлдың баласы Ақылбек аттан жығылып, кәдімгідей жарақат алып қалады. Сонда Сияқұл ақсақал әлі баласы Ақылбектің жанына келіп: «Әй, тұрсаңшы, тұр. Атқа мін. Көкпар кетті ғой», – деген екен. «Жағдайың қалай? Бір жерін ауырып қалған жок па?» демейді. «Көкпар кетті» деп күйіп-пінкен ғой айтулы азамат. Бұл жерден қазақтың жылкымен бірге жаралған өжеттігін, намысын, жігерін көруге болады.

Бірде баласы үйленіп, құдалық өткелі жатыр дейді. Сонда Сияқұл ақсақал құдаларын құрметтеп қарсы алып, үйінің төріне жайластырыпты. Содан атқа ыңғайлы киімін киіп келіп, саптама етігімен, қолына қамшысын ұстап барып, құдаларынан «Қадірлі құдалар! Екі жас бақытты болсын. Қош келдіңіздер. Енді балалар сіздерді күте береді. Менің бір тығыз шаруаларым болып тұрғаны. Төрт-бес сағатта келіп қаламын. Маған рұқсат етсеңіздер», – деп рұқсат сұрапты. Сонда құдасының үлкені: «Ендеше рұқсат ақсақал. Жолыңыз болсын. Еш алаңдамаңыз», – деп көкпаршы құдасының жағдайын түсініп, рұқсатын берген екен. Міне, осындай жылкымен жаны бірге жаралған Сияқұл ата жайлы әйгілі композитор, Қазақстанның халық әртісі Алтынбек Қоразбаев «Сияқұл ақсақал өмірімізден шыққан билігі атбегі, ұлттық ойынның жанашыры» деп бағаласа, облыстық казак күресі федерациясының құрметті президенті, құрылыс саласының ірі ұйымдастырушысы, танымал кәсіпкер Жетісбай Мелеуов «Көршілес Өзбекстан мен Қырғыз Республикалары, өзіміздің Түркістан, Қызылорда, Алматы облыстарына аты танымал атбегі, көкпардың нағыз қызығы, көркі Сияқұл көкем» деп құрметпен еске алатын көрінеді. Мұның бәрі де мықты азаматқа деген зор құрмет қой.

Секеңнің тағы бір қасиеті – көкпарға жарамды мықты аттарды ұстауы. Ол жылқыларды көкпарды жақсы тарта алатын жігіттерге риза көңілмен береді екен, өзі де жүйрік тұлпарларды баласындай жақсы көрген. Ол кісінің «Торы айғыр»,



дейін пайдаланып келгенін ұмытпауға тиіспіз. Қазіргі киім үлгісінің базалық компоненттері Дала өркениетінің ерте кезеңінен тамыр тартады. Атқа міну мәдениеті салт атты жауынгердің ықшам киім үлгісін дүниеге әкелді. Ат үстінде жүргенде ыңғайлы болуы үшін бабаларымыз алғаш рет киімді үстіңгі және астыңғы деп екіге бөлді. Осылайша кәдімгі шалбардың алғашқы нұсқасы пайда болды. Бұл салт атты адамдардың ат құлағында ойнауына, ұрыс кезінде еркін қимылдауына мүмкіндік берді. Дала тұрғындары теріден, киізден, келдір мен жүнінен, кенептен шалбар тікті. Содан бері мыңдаған жыл өтсе де, киімнің осы түрі өзгерге қоймады. Қазба жұмыстары кезінде табылған көне шалбарлардың қазіргі шалбардан еш айырмасы жоқ. Сонымен қатар бүгінгі етіктердің барлық түрі көшпенділер атқа мінгенде киген жұмсақ өкшелі саптама етіктің «маркерлері» екені белгілі.

Ат үстінде жүрген көшпенділер тақымына басқан сәйгүлігіне неғұрлым еркін мінп жүруі үшін білгі ер-тұрман мен үзенгіні ойлап тапты. Бұл жаналық салт атты адамның ат үстінде қалқан қазықтай мығым отыруына, сонымен бірге шауып бара жатып, қолындағы қаруын еш қиындықсыз және неғұрлым тиімді қолдануына мүмкіндік берді» деп айрықша мән берген қазақтың аттың құлағында ойнаған жауынгер халық екенінен хабар береді.

Көкпардан спорт шебері Нұрәулет Момынов басқаратын «Әулие-ата» кәсіпқой клубында бүгінде 47 адам еңбек етсе, 6 нұсқаушы, 16 білікті жаттықтырушы бар.



жүргендер көп. Бірақ, Нұрлыбек «Тұмарды» ешкімге сатпай, өз қолында ұстап отыр. Ал «Тұмардың» құлындарының өзі 1 миллионнан астам теңгеге бағаланып, шын тұлпардың тұқымының құны аса қымбат екенін дәлелдеуде.

Енді көкпар ойынының жанашыры, атбегі Сияқұл ақсақалдың тілегіне, ұрпақтар сабақтастығына тоқталсақ. Сияқұлдың әкесі – Сейіт. Сейіттің бір қызы – Мариям. Сол Мариямнан туған Нәби Момынов атағы алысқа кеткен көкпаршы болды. Ол да партия, шаруашылық жұмыстарында басшы бола жүріп, көкпардан қол үзбеген. Ал Нәбидің баласы Нұрәулет Момынов атағы алысқа кеткен көкпаршы атанғанын жұрт жақсы біледі. Нұрәулет – көкпар спортынан Азияның чемпионы және Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, қазіргі таңда Ұлттық спорт түрлерінен облыстық «Әулиеата» кәсіпқой клубының президенті.

Бұл мекеме 2004 жылы алғаш рет «Әулиеата» көкпар клубы болып ашылған. Содан бері республика және халықаралық деңгейде көптеген табыстарға қол жеткізді. Қазақстан Республикасының он дүркін чемпионы атағына да қол жеткізді. Халықаралық додаларда олжа салды. Мұның бәрі Әулиеата өңірінде көкпар спортының ерекше дамығанын көрсетеді.

Елбасы «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында: «Біз әлемнің барлық түкпіріне ежелгі казак жерінен тараған осынау ұлы технологиялық революцияның жемісін адамзат баласы XIX ғасырға

Осы клубтың белді ойыншыларының бірі – Манарбек Дүйсенбиев. Манарбек – көкпардан 2015 жылы Азия, 2017 жылы әлем чемпионы, еліміздің он дүркін чемпионы атанған аңыз спортшы, атқа міну мәдениетін әлемнің көптеген елдеріне үйретіп, өзін мойындатқан дүлдүл шабандоз. Осындай нағыз шебер көкпаршылар қатарында Азия және әлем чемпионы Бағлан Шырынбаев та бар. Көкпардан еліміздің бірнеше дүркін чемпионы, Азия чемпионы Құлажан Тоғайбаевтың да есімін Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі көкпаршылар тегіс біледі. Ал байзақтық Болатбек Әлімбетов қазір 52 жаста. Клубтың құрамында әлі көкпар тарттады. Болатбек көкпар спортына 47 жасқа толғанда келіпті. Соған қарамастан «Нұрқасқа» деген атымен көкпар додаларында қорғаушы қызметін жақсы атқарып жүр. Өріне, көкпар клубында жас көкпаршы жігіттер де баршылық. Мәселен, 27 жастағы Рәт Исламның шеберлігі жайлы жерлестері қызыға әңгімелейді. Қырғыз елінде болған бір көкпарда осы Рәт Ислам «Бүркіт» деген жүйрік атымен көкпардың серкесін 15 минут бойы тақымынан босатпай, қырғыз-қазақты таңдандырған екен. Міне, өзгелерге атқа міну мәдениетін үйрететін жауынгер халықтың шабандоз ұрпағы осындай болса керек. Жамбыл ауданы, Айша бибі ауылының тұмасы Елдос Керімжанұлы да «Тапай атымен көкпардың нағыз



Музей – рухани қазына алаңы

«Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Өлеуінің ғұламалығы, Жамбылдың қырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жабандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді. Мысалы, жершілдікті алайық. Өріне, туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен дұрыс. Бірақ, одан да маңыздырақ мәселе – өзінің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екенінді ұмытуға есте болмайды. Біз әркім және басының қандай да бір іске қосқан үлесі мен кәсібі біліктілігіне қарап бағаланатын меритократиялық қоғам құрып жатырмыз. Бұл жүйе жең ұшынан жалғасқан тамыр-танымстықты көтермейді. Осының бәрін егжей-тегжейлі айтып отырғандағы мақсатым – бойымыздағы жақсы мен жаманды санамалап, теру емес. Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» деген еді Елбасы «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының «Ұлттық бірегейлікті сақтау» тарауында.

Есет ДОСАЛЫ

Бұл ретте елімізде рухани кемелділікке ұмтылу жолында бірқатар игі істер жүзеге асуда. Ондай тағылымды жұмыстар біздің өңірде де қолға алынғаны мәлім. Әсіресе, руханият әлемінде музейлердің де алатын орны айрықша. Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасынан және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауынан туындаған міндеттерді жүзеге асыру аясында мемлекеттік «Ежелгі Тараз ескерткіштері» қорық-мұзейінің ұйымдастыруымен облыс әкімдігі мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына қарасты Шерхан Мұртаза атындағы «Руханият және тарихтану» орталығында «Музей – рухани білім беру алаңы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференциясы өтті.

Онлайн іс-шараны ҚР Мәдениет және

тұлғалар» жобасы да жұмыс істейді. Онда Құлтегінің өмірі, «Ұлы даланың Ұлы есімдері», еңселі Елорда жайлы мәліметтер қамтылды. Шоқан Уәлихановтың 185 жылдығына арналған еске алу, Қайрат Байбосыновтың 70 жылдығына арналған рухани кеш те жоғары деңгейде өткеніне сенімдіміз», – деді Гаухар Қаскызы.

Абай туып өскен топырақтағы «Жидебай – Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығының директоры Тұрықұл Шанбайдың «Абай музейі» – даналық музейі: инновациялық ізденістер» атты баяндамасы да мазмұнынан бай, ақпараттарының тереңдігімен ерекшеленді. Тұрықұл Хасеулі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXІ ғасыр» атты мақаласына тоқталып, Президенттің: «Абай музейін ғылыми орталыққа айналдыруымыз керек» деген сөзінен мысал келдірді. Оның айтуынша биыл «Жидебай – Бөрілі»



спорт министрлігіне қарасты мемлекеттік «Ежелгі Тараз ескерткіштері» қорық-мұзейінің директоры Нұрлан Бықыбаев сөз сөйлеп ашып, рухани білім алаңындағы музей жұмысының маңыздылығына тоқталып, конференция жұмысына сәттілік тіледі. Мұнан соң өзге өңірлерден ZOOM платформасы арқылы байланысқа қосылған өкілдерге сөз кезегі берілді. ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұра жөніндегі кенесінің мүшесі, ҚР – ның туризм саласына еңбек сіңірген қызметкер Бақыт Оразымбетова қасиетті Әулиеата өңірінің рухани байлығы туралы ақпан қайнар бұлақтай тасып тұрғанына тоқталып, сөзін тарихи Тараз жұртына деген құрметпен бастады. Сондай-ақ ол музей жұмысының маңыздылығына тоқталып, экскурсоводтың білімділігі, музей сабақтарының тереңдігіне баса назар аударып, елге ортақ құндылықтардың бағасы биік болуы туралы айта келіп, хакім Абайдың: «Өкенің баласы – елге дұшпан, адамның баласы – бауыр» деген сөзіне басымдық беріп, ой толғады.

Мұнан соң ҚР Ұлттық музейінің педагогика және балалар шығармашылығы бөлімінің жетекшісі Гаухар Садыбай «Музей педагогикасы – музей өмірінің айнасы» тақырыбында баяндама жасап, жастарға берілуі тиіс отаншылдық сезім мен патриоттық тәрбие төңірегінде ой сабақтап, өзінің бұл тұрғыда әлемдік және ресейлік үлгіге сүйенетінін айтты. «Біздің Ұлттық музейдің әсемдікке құштарлық, сән әлемі үйірмелері, музей сабақтары, «Мейірім» жобасы көпшілік көңілінен шығып, пікірсайыс, дөңгелек үстелдер онлайн жағдайында өтіп жатыр. Педагогика және балалар шығармашылығы бөлімінің өзі жүзден астам іс-шара ұйымдастырып, 78 мыңнан астам бейне-файлдар таратты. Бұл іс-шараларға Нұр-Сұлтан қаласындағы жоғары және арнаулы оқу орындарының, Назарбаев зияткерлік мектебінің және Астанадағы орта мектептердің студенттері мен оқушыларын шақырып, отаншылдық сезімдерін оятып. Аталған университеттер мен колледж, мектептердің мұғалімдері Ұлттық музейге шәкірттерімен келіп, тарих сабағын өткізгені өте әсерлі болды. Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналып өткен «Көзімің қарас» онлайн әдеби-сазды іс-шарасы көңілден шықты деп ойлаймын. Бізде «Шаньрақ», «Тарихи

мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығына қомақты қаражат бөлініп, мақсатты игеріліпті. Музейі жаңа технологиялармен қамтылып, жанаша сипат алапты. Биыл карантин жағдайына қарамастан, талапты сактай отырып, музейді 700 мың адам көріп, тарихтан сыр түйіп қайтыпты. Жеті бағытта жұмыс істейтін аталған музейдің 11 залы бар. Енді Абай хакімге арналған ғылыми жұмыстар қолға алынып, Абайтану жинақтары құрастырыла бастапты. Қазірдің өзінде алғашқы 5 томдығы дайын екен.

Мұнан соң облысымыздағы «Өрлеу» біліктілікті арттыру институты директорының орынбасары, профессор Шынар Тойғанбекова «Музей педагогикасының маңыздылығы» тақырыбында, облыс әкімдігі білім басқармасы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізетін «Жамбыл дарыны» орталығының бөлім басшысы Ольга Сағындықова музей педагогикасы арқылы балаларға белсенді азаматтық ұстаным мен ақпараттық мәдениет қалыптастыру туралы ой сабақтады. Ольга Сағындықова үлгілі де озық оқушыларға Меркі ауданының тарихи жерлерін, Қордайдағы Кенен Әзірбаев музейін аралатқандағы жұмыстармен, сол кездегі балалардың алған ерекше әсерімен бөлісті. Онлайн байланыс арқылы «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығының қызметкері Сәуле Бекешова, Маңғыстау облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы «Оқпан» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының экскурсия көпшілік бөлімінің меңгерушісі Жомарт Айдарбек және өзгелер баяндамалар жасап, рухани білім беру алаңындағы музейдің маңыздылығы жөнінде ой бөлісті. Түйіндеп айтқанда бұл конференция еліміздің әр түкпіріндегі музей мамандарының тәжірибе алмасып, түрлі пікірлерін ортаға салған мүмкіндік алаңы болды.

Онлайн іс-шараны ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты мемлекеттік «Ежелгі Тараз ескерткіштері» қорық-мұзейінің директоры Нұрлан Дүйсенәліұлы қорытындылап, ZOOM платформасы арқылы белсенділік танытқан барлық өңірдің өкілдеріне шынайы алғысын білдіріп, бұл баяндамалардың айтылған жерде қалып кетпей, жинақ түрінде басылып шығатынына тоқталды.